

Мамандық бойынша тест: 1-пән

1. Көктамырға инъекция жасағаннан кейін пайда болатын асқыну:

- A) Гипертермия
- B) Липодистрофия
- C) Абцесс
- D) Шок
- E) Инфильтрат

2. Науқастарды диагностикалық, емдеу жұмысын жүргізетін, тәулік бойы медициналық бақылау мен күтуді қамтамасыз ететін медициналық ұйым:

- A) Фельдшер-акушерлік пункт
- B) Медициналық-санитарлық бөлім
- C) Амбулатория
- D) Аурухана
- E) Емхана

3. Сифон клизмасына қажетті сұйықтық мөлшері:

- A) 1-1,5л
- B) 20л артық
- C) 10-20л
- D) 50мл
- E) 10-12л

4. Көктамырдан қан алу үшін қажет:

- A) Құрғақ стерильді тампон
- B) Шпатель
- C) Груша
- D) Жгут
- E) Штатив

5. Нитроглицерин препаратын қабылдау жолы:

- A) Сыртқа
- B) Сублингвальды
- C) Трансбуккальді
- D) Ингаляциялық
- E) Парентеральды

6. Қызбаның 1-ші сатысында науқас шағымданады:

- A) Ысыну сезіну
- B) Шөлдеу
- C) Ауыз қуысының құрғауы
- D) Қалтырау
- E) Сандырақ

7. Сифонды клизманың дұрыс жүргізу белгісі:

- A) Ішекке енгізілген судың қайта шықпауы
- B) Ішінің қатты ауырсынуы
- C) Ішектен таза судың шығуы
- D) Клизманың соңында сұйық нәжістің болуы
- E) Ішектен шыққан судан қан түйіршіктерінің байқалуы

8. Құыққа катетер салғанда науқастың күй-қалпы:

- A) Бір жақ бүйірімен жату
- B) Отырған
- C) Шалқасынан аяғын бүгіп жату
- D) Тұрған
- E) Шалқасынан аяғын жазып жату

9. Майда еритін дәрумен:

- A) B2
- B) C
- C) PP
- D) A
- E) B1

10. 25 жастағы ер адам антибиотиктерді қабылдаған соң пайда болған ауа жетіспейтіндігіне, ентігу дем шығарудың қиындауына шағымданады.

Объективті: науқас ортопное қалпында отыр, терісі бозарған, акроцианоз. ТАЖ минутына 28рет. Пульсі минутына 85 рет. АҚҚ 120/80 мм.с.б.

Науқастың денсаулық жағдайының өзгеруі байланысты:

- A) Дәрілік затқа аллергиялық реакция беруіне
- B) Науқас жынысына
- C) Науқастың жасына
- D) Мәжбүрлі қалыпта отыруына байланысты
- E) Науқаста тыныс алу жүйесі ауруы бар болуына байланысты